

ӘОЖ: 331. 883 4 (5845)

Қолжазба құқығында



**КУЛБАЕВА МЕРУЕРТ АМАНГЕЛДЫЕВНА**

**«Қазақстан Республикасында кәсіпкерліктің инновациялық түрлерін  
жетілдірудің нарықтық механизмдері»**

08.00.05. -Экономика және халық шаруашылығын басқару  
(салалар мен қызмет сфералары бойынша)

Экономика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған  
диссертацияның  
**АВТОРЕФЕРАТЫ**

Қазақстан Республикасы  
Түркістан, 2009

52

К-90

Диссертациялық жұмыс Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде орындалды.

Ғылыми жетекші: экономика ғылымдарының докторы,  
профессор Исабеков Б.Н.

Ресми оппоненттері: экономика ғылымдарының докторы,  
профессор Дауренбекова А.Н.

экономика ғылымдарының кандидаты  
Тастанбекова Қ.Н.

Жетекші ұйым: М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік  
университеті

Қорғау 2009 жылы 26 желтоқсанда сағат 14-00-де Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті жанындағы экономика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беру жөніндегі Д 14.61.15 диссертациялық кеңес мәжілісінде өтеді. Мекен жайы: 161200, Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан қаласы, Университет қалашығы.

Диссертациямен Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ғылыми кітапханасында танысуға болады.

Автореферат 2009 «23» қарашада таратылды.

Диссертациялық кеңестің  
ғалым хатшысы  
э.ғ.д., профессор:



Раимбеков Ж.С.

## КІРІСПЕ

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Индустриалдық дамыған елдерде экономиканың нақтылы секторы кәсіпкерлікті мемлекеттік деңгейде дамыту мақсатымен инновациялық іс-әрекеттерді жандардыру мәселелеріне үлкен көңіл бөлінуде. Сонымен қатар, кез-келген елдегі инновациялық белсенділіктің негізгі қозғаушы күші - жоғарғы технологиялармен қаншалықты қамтамасыз етілетіндігімен анықталады.

Дағдарыстан кейінгі кезде нарықтық реформалардың нәтижелері инновациялық дамуға жаңа көзқарас қалыптастырумен анықталуда. Қазіргі қалыптасқан жағдайда ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуде ерекше өнімнің ғылыми-техникалық жобалары, озық технологияларды басқарудың қазіргі заманғы жүйесін жасаумен шұғылданатын ғылыми-зерттеу, конструкторлық және жобалық ұйымдары ерекше рол атқарады. Қазақстан тек табиғи ресурстарды ғана пайдалана отырып дамытын емес, сондай-ақ өзінің интеллектуалды капиталын да пайдаланып дамытын елге айналғаны белгілі болды. Мұның өзі дүниежүзілік бәсеке ғылыми-техникалық жобалардың өте жедел (2-3 жыл аралығында) жүзеге асуын талап етеді. Сыртқы әлемдік ортада үздіксіз жүріп жатқан өзгерістер дүниежүзілік экономикадағы біздің еліміздің де орнын белгілейді, сондықтан инновациялық кәсіпкерлік өмір сүрудің және дамудың маңызды факторына айналууда. Осыған байланысты туындайтын аса маңызды жайт – инновациялық кәсіпкерлік елдің экономикасының өсуін және экономиканың құрылымдық қайта құрылуын қамтамасыз ететін қуатты тұтқаға айналуы болып табылады. Инновациялық кәсіпкерлік – бұл ғылыми-техникалық идеяларды, ұсыныстарды, өнер табыстарын іс жүзінде қолдануға және таратуға болатын деңгейде жеткізу қызметі. Инновациялық кәсіпкерлікті басқару мақсаты – жаңа идеяларды қолдау, бастама көтеру, оларды бақылау, инновациялық өнімді нарыққа шығаруға жағдай жасау болып табылады.

Қазіргі кезде Қазақстанда ескі және жаңа инновациялық жүйелердің элементтері ұштасқан ауыспалы типтегі ұлттық инновациялық жүйеде (ҰИЖ) венчурлық қорлар қалыптастыру арқылы қызмет атқаруда. Жаңа ҰИЖ-ге индустрия мен қызмет көрсету саласындағы шағын сектордың ғылыми-техникалық ұйымдарын, шағын инновациялық кәсіпорындарды, көптеген мемлекеттік емес, коммерциялық емес, ғылыми, талдау жасаушы, консалтингтік т.б. орталықтарды жатқызуға болады. Аталмыш ҰИЖ субъектілері нарықтық экономиканың ұйымдық және жүйелік принциптері негізінде қызмет атқарады. Оның үстіне олардың бір бөлігі іс жүзінде жобалы инновациялық жүйенің әрекеттері болып табылады.

Инновациялық кәсіпкерлік ғылымның және оның тәжірибеде жүзеге асуы арасындағы байланыстырушы буын болып табылатындықтан, ол ҰИЖ-нің маңызды бөлігі саналады. Инновациялық кәсіпкерлік негізінен жаңа өнімдер мен технологияларды құрастыру бойынша, білімдерді тауарға айналдыру бойынша тәуекелге барады. Сол себепті инновациялық кәсіпкерлік шағын фирмалар құрамы жоғары тәуекелдік нәтижесінде үнемі өзгеріп отырады, көптеген фирмалар құлдырап, оның орнына жаңалары пайда болады. Бұл белгілі бір

қалыптағы құрылымдық балансты құрып, инновациялық кәсіпкерліктің «сындарлы массасын» қалыптастырады. Отандық жағдайдың ерекшелігі қазіргі кезде инновациялық кәсіпкерлік санының аздығымен және оларға қолдау көрсететін инфрақұрылымның жаңа ғана қалыптасуымен сипатталады.

Жоғарыда аталғандардың барлығы инновациялық кәсіпкерліктің қалыптасу және даму мәселелерінің ілімдік және тәжірибелік мөнін анықтайды.

Қарастырылып отырған мәселенің өзектілігі, ғылыми тұрғыдан алғанда оның жеткілікті дәрежеде зерттелмеуі диссертациялық жұмыс тақырыбын таңдауға себеп болды.

**Мәселенің зерттелу деңгейі.** Инновациялық іс-әрекеттер нақты секторға қызмет көрсету жүйесін кешенді ілімін зерттеп, тұжырымдамасын әзірлеуге дамыған елдердің шетелдік ғалым-экономистері : Н.Леончев, И.Перлаки, В.Д.Хартман, Э.Мэнсфилд, Р.Фостер, Б. Твист, И Шумпетер, Э.Роджерс, Ф. Никсон, Б.Санто және басқалары инновация ұғымын өздерінің зерттеу объектілері мен заттарына байланысты қолданған жұмыстарында жалпы ілімдік тұрғыда қарастырған ғылыми еңбектері қызығушылықтар туғызады.

Инновация ұғымы зерттеушілердің ресей ғалымдарының Н.И.Лапин, Д.В.Соколов, А.Б.Титов, М.М.Шабанованың жұмыстарында принципіалды жаңа немесе модификацияланған жаңалықтарды жасау мен меңгерудің қорытынды нәтижелері негізінде инновациялық іс-әрекеттерді қалыптастыру және дамыту бойынша ғылыми зерттеулер еңбектерінде қарастырған.

Қазақстандық ғалым-экономистер А.Қ.Қошанов, М.Б.Кенжегузин, А.Е.Есентугелов, О.С.Сабден, Р.С.Сабден, Б.Н.Исабеков, Д.Муканов, Т.Исахметов, Р.С.Каренов, С.Шілікбаев, А.Ж.Орманбаев, А.Ақчурин, А.Н.Дауренбекова, Н.Урузбаева, О.Қалдыбаев, К.Қажымұрат еңбектерінде кәсіпкерліктің инновациялық даму мәселелері кеңінен талданып, қомақты зерттеу жұмыстары жүргізілген.

Инновациялық іс-әрекеттер нақты секторға қызмет көрсету жүйесі бойынша кәсіпкерліктің инновациялық түрлерін жетілдірудің нарықтық механизмдері реттеудің тиімді әдістерін зерттеудің ілімдік және тәжірибелік маңыздылығы, өзектілігі мен зерттелу дәрежесінің нақты экономика саласында индустрия жағдайында қолайлы жағдайды құру үшін жеткілікті болмауы диссертацияның тақырыбын, зерттеу мақсаты мен мәселерін анықтады.

**Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері.** Диссертациялық жұмыстың негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасында кәсіпкерліктің инновациялық түрлерін жетілдірудің нарықтық механизмдерін дамуы мен тиімді қызмет атқаруын қалыптастыруда ілімдік-әдістемелік және тәжірибелік негізін тұжырымдау.

Аталған мақсатқа сай мына төмендегі міндеттерді шешуді қажет етеді:

- кәсіпкерліктің инновациялық түрлерін қалыптастыру мен дамытуды ілімдік негіздеу және объективті қажеттілігінің пайда болуының алғы шарттарын зерттеу;
- Қазақстан Республикасында қалыптасқан инновациялық кәсіпкерліктің даму тенденциясын анықтау және бағалау;

– Қазақстан Республикасында кәсіпкерліктің инновациялық түрлерін жетілдірудің нарықтық механизмдерін дамытудың мүмкіндіктерін талдау;

– Индустриялық–инновациялық стратегияны жүзеге асыру үшін кәсіпкерліктің инновациялық түрлерін қаржыландыру және қорландыру көздерін талдау;

– кәсіпкерліктің инновациялық түрлерін жетілдіру үшін маңызды инфрақұрылымды қалыптастыру бойынша іс–шаралар жиынтығын негіздеу.

**Диссертациялық зерттеу нысаны** Қазақстан Республикасының инновациялық кәсіпкерлікті қаржыландыру тетіктері, венчурлық, лизингтік және франчайзингтік компаниялардың инновациялық іс–әрекеттер арқылы нақты секторға соның ішінде «Кентау трансформатор зауыты» АҚ-на қызмет көрсету мүмкіндіктері болып табылады.

**Зерттеу пәні** Қазақстандағы инновациялық кәсіпкерлікті басқару дағдыларын, адами қорларды, технологияларды, өнеркәсіп құрылымын жұмылдырушы бәсеке төзімділігі деңгейі алынды

**Зерттеу жұмысының ілімдік және әдістемелік негіздері** болып инновациялық кәсіпкерлік құрылымдарды экономикалық ынталандыру мәселелері жайында жазылған отандық және шетелдік зерттеушілердің ғылыми еңбектері есептеледі. Республикамыздың ғылыми зерттеу институттары мен жоғарғы оқу орындарының, ТМД елдері ғылыми мекемелерінің әдістемелік еңбектері кеңінен қолданылды. Сонымен қатар, диссертациялық жұмысты жазу барысында Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдаулары, Парламенттің және Министрлер Кабинетінің басқа да нормативтік құжаттары, стратегиялары және бағдарламалары әдістемелік негіз болды.

**Зерттеу жұмысының нормативтік – ақпараттық базасы.** Ақпараттың негізгі көздері: ҚР статистика бойынша агентігінің мәліметтері және нормативтік – анықтамалық материалдары, Министірліктер мен ведомствалардың веб парақшалары.

**Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы.** Жүргізілген зерттеу қорытындысында жұмыстың ғылыми жаңалығын айқындайтын мына төменгі негізгі нәтижелерге қол жеткізілді:

– кәсіпкерліктің инновациялық түрлерін қалыптастыру мен дамытуды ілімдік негіздеуі дамытылып, дағдарыс уақытында инновациялық кәсіпкерлікті дамыту маңыздылығының алғы шарттары қарастырылды;

– Қазақстандағы инновациялық кәсіпкерліктің қазіргі кездегі даму тенденциясы анықталып және даму бағыттары мен мүмкіндіктері бағаланды;

– Қазақстан Республикасында кәсіпкерліктің инновациялық түрлерін жетілдірудің венчурлық, концессиялық, лизингтік және франчайзингтік негіздегі нарықтық механизмдері арқылы дамытудың мүмкіндіктері талданды;

– Индустриялық–инновациялық стратегияны жүзеге асыру үшін кәсіпкерліктің инновациялық түрлерін қаржыландыру және қорландыруда мемлекеттік және жеке қаржылық мүмкіндіктерді бірлікте қолдану арқылы инновациялық тәуекелділік деңгейін төмендетудің бағалау жүйесі ұсынылды;

– кәсіпкерліктің инновациялық түрлерін жетілдіру үшін маңызды инфрақұрылымды қалыптастыруда мемлекеттің ролі негізделді.

#### **Қорғауға ұсынылған негізгі ғылыми нәтижелер:**

– кәсіпкерліктің инновациялық түрлерін жетілдіруде венчурлық, концессиялық, лизингтік және франчайзингтік негіздегі нарықтық механизмдерді қолдану тетіктері дайындалды;

– кәсіпкерліктің инновациялық түрлерін қаржыландыру және қорландыруда мемлекеттік және жеке қаржылық мүмкіндіктерді бірлікте қолдану арқылы инновациялық тәуекелділік деңгейін төмендетудің бағалау жүйесі ұсынылды;

– инновациялық кәсіпкерліктің қазіргі кездегі даму тенденциясы анықталды және болжамы жасалынды;

– инновациялық кәсіпкерліктің инновациялық іс-әрекеттер арқылы нақты секторға қызмет көрсететін кәсіпорындардың («Кентау трансформатор зауытының» үлгісінде) болашақта даму бағыты мен параметрлерін анықтау үшін әзірленген статистикалық-математикалық үлгісі және оны бағаланған нәтижелері.

**Жұмыстың тәжірибелік маңызы.** Жүргізілген зерттеулер Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерліктің инновациялық түрлерін жетілдіру ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижесінде алынған қорытындылар кәсіпорындарда инновациялық мүмкіндіктерді енгізуге пайдалану арқылы іс-тәжірибесінде қолданыла алады.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау бірнеше халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен журналдарда жүргізілді: Концессиялық бизнестің қажеттілігі және оны пайдаланудың негізгі шарты ХҚТУ, Хабаршы 2008ж., Қазақстанда франчайзингті қалыптастыру және даму мүмкіншіліктері ХҚТУ, Хабаршы 2008ж., Индустрия өндірістік интенсивті дамытудың инновациялық тетіктері Ізденіс-Поиск, Алматы к., 2008ж., Лизинг және лизингтік операциялар түрлері М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Экономикалық дағдарыс және оны шешу жолдары Казгу Алматы к. 2008ж.

Диссертация материалдары Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университетінің факультеттеріндегі оқу процессінде пайдаланылуда. Диссертацияда қарастырылатын негізгі мәселелер, шешімдер мен ұсыныстар автордың мақалаларында көрініс тапқан.

**Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен көлемі.** Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш негізгі бөлімнен, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жұмыстың мазмұны 22 кесте, 8 сурет пен қосымшаларды қамтитын 143 бетте баяндалады.

### **Негізгі бөлім**

**Кәсіпкерліктің инновациялық түрлерін қалыптастыру мен дамытудың ілімдік және ғылыми негіздері.** ХХІ ғасыр жүз жылдық ғаламдық инновацияның өркендеу ғасырына айналатынын қазіргі әлем елдерінің тәжірибесі көрсетіп отыр.

Қазіргі кезеңде кәсіпкерлікті дамытудың әлсіз жақтары болып оны жетілдірудің нарықтық механизмдерінің инновациялық түрлерінің одан ары дамыту болып отыр.

Дамыған елдерде инновациялық (ноу-хау) өнімдер мен технологиялар ЖІӨ өсімінің 70-85% беріп отыр. Инновациялық сфераның белгілі дәрежеде дамымай отыруы Қазақстанның 50 дамыған елдер қатарына қосылуға кедергі болуы мүмкін. Өйткені соңғы жылдары осы сферада Қазақстанның рейтингі 65 орыннан 75 орынға төмендеп отыр. Мұндай жағдайдан шығудың бірден бір жолы кәсіпкерліктің түрлі инновациялық нарықтық құралдарын одан ары дамыту болып табылады.

Теориялық талдау негізінде инновацияны түсіндіруде екі көз-қарастың қалыптасқаны анықталды:

біріншісі, инновация жаңа идеялар мен үрдістер ретінде қарап оны қолдану арқылы өз қасиеттері бойынша ең сапалы өнімдер мен технологияны жасауға әкелетін қоғамдық-техникалық-экономикалық үрдіс ретінде қарастырған (Б. Твисс, Ф.Никсон, Б. Сантон т.б.);

екіншісі, инновацияны тұтыну тауарларының жаңа түрлерін, жаңа өндірістік және тасымал құралдарын, нарықтар мен өнеркәсіптегі ұйымдастыру формаларын енгізу және қолдану мақсатындағы өзгерістер ретінде түсіндіреді (И. Шумпетер). Инновация – бұл тек жаңа енгізулер емес, бұл өндірістің жаңа қызметі. Оның негізі - өнім өндіру технологиясын өзгерту қажеттігі, ұйымдастырушылық, қаржылық, ғылыми зерттеу және басқа салаларда жаңалықтар енгізу болып табылады.

Әр түрлі сипаттамаларды қорыта келе, инновацияның өтімділігі жоғары жаңа өнім ойлап табу деген ұғым туады. Бұл тұрғыдан алғанда ашылған жаңалықтың барлығы инновацияға жатпайтынын айтқан жөн. Өйткені, іргелі міндетерді атқаруға негізделген, яғни осыған дейін белгісіз болып келген табиғат құбылыстарын ашу сияқты жаңалықтар ешқандай материалдық игіліктерді тарту етпейтіндіктен де, ол ғылыми ізденістердің жемісі ретінде ғана есептелінеді.

Экономикалық қатынастар жүйесінен инновацияның алатын орны орасан зор. Себебі инновациялық тәжірибені өндіріске қолданбастан, бәсекеге қабілетті өнім алу мүмкін еместігін дамыған елдер ертерек түсініп, бар күшті осы салаға жұмсап келеді. Осыған байланысты нарықтық экономика кезеңіндегі бәсекелестік күресте инновация өнімінің өзіндік құнын азайту, инвестициялар ағынын арттыру, өнім өндірушінің имиджін қалыптастыру және жаңа нарықтарды, оның ішінде сыртқы нарықтарды бағындырудағы аса тиімді таптырмас құралға айналуға деп зерттеулердің негізінде тұжырымдамалауға болады.

Инновацияның дамуына қозғаушы тетік - бірінші кезекте нарықтық бәсекелестік болып табылады. Нарық жағдайында өнім өндірушілер немесе қызмет көрсетушілер әрдайым өндірістік дағдарысты болдырмаудың жолы мен тауарын өткізетін жаңа нарықтарды іздестірумен болады. Сондықтан, инновацияны бірінші болып тиімді игерген кәсіпорындар өз бәсекелестіктері алдында басымдылыққа ие болады. Қазіргі кезеңде жаңа тауарлар түрлері өсіп, тұтынушы талғамы артып отырған уақытта, өсіресе шағын кәсіпорындардың икемділік қабілеттерін күшейту аса тиімді саналады. Элемдік тәжірибе

бойынша мұндай «шағын шабақтар» қайрандап қалып қоймаулары үшін түрлі салалардағы жаңа өнімдер мен жаңа технологияларды шығару басымдық негіздегі сұрақтардың деңгейінде жүреді.

Қазіргі уақытта біздің елімізде бәсекеге қабілетті өнімдерді өндіруге негізделген жаңа ақпараттық технологияларды игеру, республикамыздың индустрия және ғылыми техникадағы әлеуетін дамыту басты стратегиялық міндеттердің бірі болып отыр. Соған сәйкес 2003 жылы республикамыздың индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы қабылданды. Стратегияның мақсаты - шикізат бағытынан қол үзуге ықпал ететін экономика салаларын өртараптандыру жолымен елдің тұрақты дамуына қол жеткізу, ұзақ мерзімді жоспарда сервистік-технологиялық экономикаға өту үшін жағдай жасау қарастырылған.

ҚР инновациялық қызметті қаржыландырудың көздері ретінде кәсіпорындардың өз қаржысы, республикалық және жергілікті бюджет қаражаттары, инновациялық қорлар қаражаты, мемлекеттік гранттар және заңға қайшы емес қаржыландырудың басқада түрлері жатады. Қаржыландыру инфрақұрылымына ретінде даму институттары, венчурлық қорлар, кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлер, екінші деңгейлі банктер және т.б. жатады.

Қазақстан тәжірибесі көрсетіп отырғандай көбінесе қарапайым қаржыландыру көздері, яғни банктер немесе басқа да қорлар инновациялық ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландырудан бас тартады. Өйткені онда тәуекелділік жоғары болады. Сондықтан бұл жағдайда арнайы осындай көп тәуекелі бар жобаларды қаржыландыру үшін әлемдік тәжірибеде венчурлық қорлар құрылады.

Венчурлік қорлар – венчурлік инвестициялаудың негізгі механизмі болып табылады. Венчурлік инвестициялаудың бастапқы кезеңінде қызметті инновация жасау мен коммерциялауға бағытталған компанияларға жеке, отандық және шетелдік капиталды тарту мемлекеттің тікелей үлестік қатысуымен венчурлік қорларды құрғанда мүмкін болады. Венчурлік қорға инвестицияланатын мемлекеттік қаржылар осы қорға кіретін жеке инвестициялардың тәуекелдерін төмендетеді. Венчурлік индустрияның қалыптасуының бастапқы кезеңінде мемлекеттің араласуының осындай үлгісі барлық елдерде өзінің тиімділігін көрсетті.

Венчурлік қорларды құрғанда мемлекеттің қатысуы (Ұлттық инновациялық қор) ҰИҚ-ң инвестициялық саясатының басты бағыттарының бірі – отандық және шетелдік инвестициялармен бірлесе отырып құрылған венчурлік қорлардың капиталындағы үлестік қатысуы (49%) арқылы венчурлік қорларды құру болып табылады.

Қазіргі таңда Қазақстан венчурлық капиталы және тікелей инвестициялау ассоциясы құрылып оған 6 венчурлық қор кіреді, оның біреуі ҰИҚ. Қазіргі таңда 5 венчурлық қор 5,6 млрд тенге құрайтын 13 жобаны қолдап отыр. Жобалар негізінен биотехнология, фармацевтика және информациялық технологиялар салалары бойынша. Бірақ инновациялық белсенділік өте төмен, венчурлық қорларға ұсыныс берушілердің тек 20% ғалымдар, қалғандары бұрын ғылымға қатысы болған бизнесмендер және ірі холдингтер.



Венчурлық инвестордың көз-қарасы бойынша компания объектісі бірнеше даму деңгейінен өтеді (Кесте-1).

Венчурлық қаржыландыру алдыңғы үш деңгейде қаржыландыра алады. Ал көп қолданылатын міндеттемелік қаржыландыру тек үшінші деңгейден ғана басталады.

Кесте 1 – Инновациялық компанияның даму деңгейлері

Деңгейлер	Мазмұны
1. Бизнес идеясы (seed stage)	Идеяны жобалау және оны саудалау. Сонымен қатар болашақ өнімнің үздік үлгілерін дайындау;
2. Бизнесіні ашу (start-up stage)	Жобаны жүзеге асыру мексатында жүйелі іс-әрекеттерді жүзеге асыруды бастау;
3. Өсу деңгейі (expansion stage)	жаңа өндірістік қуаттылықты іске қосу және персоналдар санының өсуі;
4. Кеңею деңгейі (mezzanine stage)	нарықтың бір бөлігін жаулап алу және пайданың тұрақты болуы;
5. Өтімділік деңгейі (liquidity stage)	бизнестің нақты (реалды) нарықтық құнының қалыптасуы.

Ескерту – автор құрастырған

Өлемдік экономикада концессияның рөлі ұлғаю үрдісінде. Егер де ХХ-шы ғасырда концессияны тек жер қойнауыш пайдалануда қолданса, 1990 жылдан бастап концессияға мемлекеттік меншіктің көптеген басқа да объектілері беріле бастады.

Кәсіпкерлікті дамытудың негізгі жолдарының бірі концессиялық келісім.

Өлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай концессия мемлекеттің жекеменшік инвестицияға қызығушылығынан қолданылады. Қазақстанда концессияға қызығушылық артуда. Әсіресе ірі инфраструктуралық жобаларды іске асыруда: көлік және телекоммуникация салаларында, жол салуда т.б. Қазіргі таңда 212 млрд. тенге көлемінде 7 концессиялық жоба іске асуда.

Қазақстан Республикасында концессиялық қатынастарды заңдық реттеу белгілі бір деңгейде қалыптасқан. Қазақстан Республикасы мен шетелдік инвесторлар арасындағы қатынастарды реттейтін 2006 жылы «Қазақстан Республикасындағы концессия туралы» ҚР-ның Заңы қабылданды.

Осы Заң концессияға байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді, концессия шарттарын жасасудың, оны орындаудың және тоқтатудың талаптары мен тәртібін айқындайды, концессионерлерді мемлекеттік қолдау кепілдіктері мен шараларын айқындайды.

Алайда, концессиялық жобаларды іске асырудың негізгі проблемалары бұл жобалардың капитал сыйымдылығының өте жоғары болуы «ұзын» ақшаларды қажет етеді. Біздің ойымызша зейнетақы мен сақтандыру қорларының қаражаттарын пайдалану қажет. Келесі проблема концессиялық жобалардың өтеу мерзімінің ұзақтығында. Өйткені бюджет 3 жылға жоспарланады, сондықтан бюджеттік жүйе 3 жыл өткен соң қаржыландыруды кепілдік бере алмайды және

салық кодексіне енгізілетін өзгерістерде кері өсер етуі мүмкін. Сондықтан заң потенциялды концессионерлердің құқықтарын толық қолдай алмай отыр.

Кәсіпкерліктің инновациялық түрлерін дамытуда лизингтің маңызы зор. Өйткені кез келген инновациялық кәсіпорын ашу үшін алдымен кәсіпорынға толық технологиялық циклыды қамтамасыз ететін құрал жабдықтар қажет. Ал жаңа технологиялар қымбат тұрады, және оны кез келген кәсіпкер сатып ала алмайды. Бұл мәселені шешудің бірден бір жолы қажетті құрал жабдықтарды лизингке алу болып табылады.

Лизинг қазіргі кезде Қазақстанда да қалыптасу және даму кезеңін өткеруде. Лизингті дамыту үшін заңдық-құқықтық актілердің қабылдануы банкілер мен саудалық құрылымдар құрған, мемлекет немесе ҚР заңдары бойынша заңды тұлға болып есептелетін және шетел компаниялары тарапынан қаржыландырылатын түрлі лизингтік компаниялардың пайда болуына септігін тигізді. Лизингтік компаниялардың басым көпшілігі лизингті қолданудың тиімділігін арттыру үшін банкілердің көмегімен дербес қаржы көздерін тарту және өзара бірлестіктер мен одақтарға бірлесу арқылы ірілену саясатын жүргізуде. Лизингтік қызметтерді көрсететін компаниялар мен банкілердің көбеюі бір жыл ішінде жасалатын лизингтік операциялар көлемінің артуына себепші болып, соңғы жылдары лизингтік мәмілелер мен операциялар саны қарқынды түрде арта түсті.

Кесте 2 – 2005-2008 жылдары арасында Қазақстан Республикасында көрсетілген лизингтік қызметтер көлемі мен құрылымы (млн. теңге)

Лизингтік қызметтер	2005ж.	2006ж.	2007ж.	2008ж.	2005-2008 ж.ж. салыстыру (қанша есе)
Жеңіл автокөлік лизингі	49,7	54,1	81,4	188,3	3,8
Басқа да құрылықта жүретін көлік құралдарының лизингі	15,5	45,8	83,9	97,0	6,3
Кемелер лизингі	-	-	39,5	36,4	-
Ұшақтар лизингі	10,6	24,9	46,9	78,2	7,4
Ауылшаруашылығы машиналарының лизингі	4,0	40,0	27,1	917,6	229,4
Құрылыс жабдықтарының лизингі	48,8	1585,6	1804,6	3112,3	63,8
Компьютерлер лизингі	7,2	5,5	27,9	285,5	39,6
Басқа да құрылғылар мен жабдықтар лизингі	20,5	86,2	52,5	298,1	14,5
Басқа негізгі құралдар лизингі	5,4	3,1	1,9	1,9	2,7
Барлығы	161,7	1855,2	2165,8	5015,2	31,0
Ескерту- автормен статистикалық мәліметтер негізінде құрастырылған					

2-Кестедегі мәліметтерден лизингтік операциялар көлемінің ауылшаруашылығы машиналары, құрал жабдықтары және компьютер лизингі операцияларында қарқынды түрде артқандығы байқалады. Республикамызда

көрсетілген лизингтік қызметтердің жалпы көлемінің артуына қарамастан, лизингтің даму деңгейі әлі күнге дейін қойылған талаптарға сай емес. Бұл, ең алдымен, лизингтің ұйымдық-экономикалық тетіктерінің тиімсіз әрекеттілігіне, лизингтік қызметтердің құрамы мен түрлеріне қатысты ақпараттардың тапшылығына, осы саладағы мамандардың білімдері мен тәжірибелерінің жеткіліксіздігіне және лизингтік компаниялардың басым көпшілігінде инвестициялық мүмкіншіліктің төмендеуіне тікелей байланысты болып отыр. Жалпы алғанда, шағын және орта кәсіпорындар мен банктердің үлесі бар компаниялар лизингтік қызметтерді ұсынуда. Ал жеткілікті потенциалы бар ірі жеке және мемлекеттік кәсіпорындар лизингтік жобаларды инвестициялау ісіне көп назар аудармауда.

Франчайзинг кәсіпорының өз өнімін сату нарығын шұғыл кеңейтуге, кәсіпорында жоқ елеулі қаржылық салымдарсыз мүмкіндік береді. Франчайзи франчайзердің саудалық белгісімен жұмыс істей отырып, пайда өсімін, оның өзін (франчайзер компания) және өнімін жарнамалануын қамтамасыз етеді.

Қазақстанда 2007 жылы франчайзинг айналымы 500 млн.АҚШ долларды құрады. ҚР «Франчайзинг туралы заң» (2002ж) қабылданды, 150 франчайзинг жүйесі және 1000 аса франчайзинг пунктері жұмыс істейді, Қазақстан ұлттық франчайзинг ассоциациясы құрылды. Франчайзинг мемлекеттік деңгейде қолдау тауып отыр. Соның арқасында 2003-2007 жж франчайзинг жүйесі елімізде 3 есеге өсіп отыр. Франчайзинг жүйесінде жұмыс істейтіндер саны 14000 адамды құрап отыр. Бірақ франчайзингтің одан ары дамуына келесі факторлар кері әсер етіп отыр: франчайзинг секторына мемлекеттік жеңілдіктердің қарастырылмағандығы, интеллектуалды меншіктің нашар қорғалуы, кәсіпкерлердің ұзын ақшаны алуға шектеулігі, франчайзинг туралы ақпараттың жетіспеушілігі.

Әлемдік тәжірибеде франчайзинг кеңінен қолданылып отыр. Ал ҚР шетел франшизасының үлесі үлкен. Қазақстанда негізінен дистрибутивтік/саудалық франчайзинг ғана дамып отыр, ал шет елде керісінше, кәсіпкерлік франчайзингінің үлесі саудалық франчайзингтен жоғары.

Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық стратегияның негізгі бағыты, біздің ойымызша, жоғары технологиялық, ғылым сыйымды және экспорттық бағытталған өнім мен өндірістердің дамуы болып табылады.

Соңғы он жылда Қазақстанда, басқа да ТМД республикаларындағыдай технологиялық деградация тенденциясы орын алды. Өндірістің техникалық деңгейі төмендеді, жаңа технологиялар өлсіз меңгерілді, прогрессивті өнім өндірісі төмендеді, ғылыми-техникалық потенциал қысқарды.

Еліміздегі ғылыми-техникалық әлуетінің қазіргі жағдайы абсолютті сандық қысқаруы мен оның барлық құрамдастары бойынша сапасының нашарлауы тенденциясына ие болып отыр. Республикадағы инновациялық іс-әрекеттердің ғылымның ары қарай дамуы оның заңдылық және нормативтік базаларын жетілдіруге байланысты.

Дамығын елдер тәжірибесі көрсетуінше экономикалық дамудың негізгі гранты – ғылыми-техникалық салада лидерлік позицияны ұстау. Сондықтанда 80-жылдардан бастап барлық алдыңғы қатардағы елдер белсенді ғылыми-техникалық саясат жүргізе бастады. Бір ғана мысал, ол елдердің ғылымға

жұмсаған шығындарынан да көруге болады. (кесте-3). Бұл кестеден Қазақстан Республикасы ең төменгі орын болып отырғанын көруге болады. Швеция мемлекетінде ЖІӨ-ің үлесі жоғары болған. Басқа мемлекетке қарағанда бізде ғылымға арналған шығын көлемі аз болып отыр. Нәтижесінде, бүгінгі дүниежүзілік технологиялық даму үрдісі жаңа саты – адамзат игілігі үшін, оның өмірін жақсартуға, оны көркемдеуге бағытталған электронды, биоинженерлі және басқа да ғылым дәрежелерін пайдалануға негізделген деңгейге көшуде. Сондықтан барлық дамыған, дамушы елдерде мемлекеттік инновациялық салаға қаржылай түде, ұйымдастыру үрдісіне көмек көрсету арқылы қолдап отырады. Көптеген елдер тәжірибесі көрсеткендей, экономиканың күрт құлдырауы, қаржы дағдарысы кезінде мемлекет инновациялық қызмет саласын қолдап, дамытып отыруы қажет.

Кесте 3 – 2008 жылда Әлемдегі мемлекеттердің ғылымға арналған шығындары

Мемлекет	ЖІӨ-дегі үлес салмағы, (%)	Жеке капиталдағы үлесі, (%)
АҚШ	2,9	66,7
Жапония	3,0	40,3
Германия	2,35	66,6
Франция	2,25	31,4
Швеция	4,0	32,3
Ресей	1,9	2,9
Украина	1,3	2,4
Қазақстан	0,3	3,0
Ескерту - автормен статистикалық мәліметтер негізінде құрастырылған		

Қазіргі күні барлық елдерде ірі көлемде ғылыми-техникалық саясаттар жүргізілуде. Батыс Еуропа елдерінде бұл - өнеркәсіпте жаңалық тар мен инновацияларды енгізу процесін қолдау. АҚШ-та ғылыми-техникалық дамудың ірі және жеке бөлімдерін қолдау болып табылады. Барлық елдерде ғылыми-техникалық саланы қаржыландыру басты тапсырмаларға айналған. Бұл саланы қолдау заңды түрде: мемлекеттік акті, үкімдер бойынша жүзеге асырылады.

**Инновациялық кәсіпкерліктің түрлерінің ұйымдастыру-экономикалық жағдайын талдау.** Қазақстанның ғылыми-техникалық саясаты инновациялық үрдістерді белсендіруге, жаңа технологиялық құрылыстар енгізуге, өндіріс өнеркәсібінде жаңа шеңберлерді игеруге, ұлттық ғылыми-техникалық әлеуметтің дамуына, ғылым және өндіріс арасындағы алшақтықты еңсеруге, инновациялық қызметті ынталандыруға, технологияладың нақты трансфертын қамтамасыз етуге және халықаралық стандарттарды енгізуге бағытталған. Қазақстан кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін дамыту негізгі ретінде республиканың ғылыми-техникалық әлеуеті болып табылады.

Ірі корпорациялардың ғылыми орталықтарында, институттар зертханаларында шоғырланған, жоғары технологиялармен жұмыс істейтін кәсіпкерлік сегменті-бұл қазіргі экономиканың қарқынды дамып келе жатқан

құрылымы. Қазақстанда бұл сектор енді ғана дамып келе жатыр, әзірге кейбір институттардың, нәтижелері нарықта талап етілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге, коммерциалық табысты өнім мен технологиялар құруға қабілеті бар.


Кесте 4 – Ғылымның жағдайы мен дамуының негізгі көрсеткіштері және оларды салыстыру

Көрсеткіштер	2005ж.	2006ж.	2007ж.	2008ж.	2008 ж. 2005 жылға өсу/кему қарқыны (%)
Жалпы ішкі өнім, млрд. теңге	7 590,60	10 213,70	12 849,80	15907,0	209,6
Зерттеулер мен әзірлемелерге жұмсалған ішкі шығындар қолданыстағы бағада, млн. теңге	21 527,40	24 799,90	26 835,50	34 761,6	161,5
жалпы ішкі өнімге пайызбен	0,28	0,24	0,21	0,22	-
Зерттеулер мен әзірлемелерді орындаған ұйымдар саны	390	437	438	421,0	107,9
Зерттеулермен және әзірлемелермен айналысатын персонал саны (жыл соңына), адам	18 912	19 563	17 774	16 304,0	86,2
соның ішінде:					
зерттеушілер	11 910	12 404	11 524	10 780,0	90,5
одан:					
ғылым докторлары	1 106	1 157	1 166	1 191,0	107,7
ғылым кандидаттары	3 018	3 147	3 058	2 861,0	
Зерттеулер және әзірлемелермен айналысатын ұйымдардың негізгі қаражаттары, млн. теңге	14 584,20	19 247,70	18 782	19 176,7	131,5
Зерттеулер мен әзірлемелер	41 512	51 400	64 108	-	-
Жоғары білім	30 312	36 007	45 557	-	-
Ескерту – автормен құрастырылған					

ҚР-да зерттеулермен әзірлемелерді орындаумен айналысатын ұйымдар саны 2005 жылмен салыстырғанда 2008 жылы 31 бірлікке (107,9 %-ға) артқан. Осы жылдардағы зерттеулер мен әзірлемелерге жұмсалған ішкі шығындар қолданыстағы бағада 13234,2 млн. теңгеге (161,5 %-ға) өскен. Зерттеулер мен әзірлемелерді орындайтын ұйымдардағы персоналдың орташа тізімдік саны осы жылдарда 9,76 адамға кеміген (2005 жылы 48,49 адам, 2008 жылы 38,73) (кесте-4).

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының құрылымындағы ғылыми-техникалық қызметтің басты бағыты, 46,4% құрайтын қолданбалы зерттеулер болып табылады. Ғылыми-техникалық әзірлемелердің 2007 жылғы үлес салмағы 2000 жылмен салыстырғанда 6 еседен артық мөлшерге өсіп, 34,7% құрады. Іргелі зерттеулер ғылыми-техникалық жұмыстар көлемінің 11,7% құрайды. Көбінесе

коммерциялық негізде көрсетілген ғылыми-техникалық қызметтердің үлесі 7,2% жетті (сурет 2).



Сурет 1 – Ғылыми-техникалық жұмыстарды үйлестіру құрылымы.

Ескерту - «Қазақстан Тәуелсіздік жылдарында» Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, Алматы 2008, 169 бет.

Қазіргі уақытта шамамен 3 жыл бойы Қазақстандағы кәсіпорындардың инновациялық белсенділік деңгейі 3 %-дан сәл астам, бұл ЕО елдерінен анағұрлым төмен, немесе бұл көрсеткіш тіптен өтпелі экономикасы бар Эстонияда – 36 %-ды, Венгрияда 47 %-ды құрайды. Қазақстанның инновациялық өнімі құрылымында елеулі үлесті (64%-дан астам) жетілдіруге ұшырайтын өнім иеленеді. Жаңадан енгізілген немесе айтарлықтай технологиялық өзгерістерге ұшырайтын өнім үлесіне инновациялық өнімнің жалпы көлемінің 28,6 %-ы тиесілі.

Көптеген отандық зерттеулер мен әзірлемелердің нақты нарықтық талаптары мен шарттарға бағдарлануы әлсіз және ғылымды қажетсінетін импортты өнімдермен және қызметтермен бәсекелесе алмайды.

Дайын ғылыми әзірлемелерді өндіріске енгізу тәртібі жоқ. Қазіргі уақытта ғылыми әзірлемелердің тек азғана үлесі коммерциялық қолданыс тауып отыр. Көптеген қазақстандық әзірлеушілер мен компаниялар тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар кезеңінде арнайы қызметтердің жоқтығы және өндірісті игеру проблемасына кезігіп отыр, бұл технологияларды енгізу процесін тежейді. Қазақстанда инновациялық өнімді нарыққа жылжыту жөніндегі сервис әлсіз дамыған. Осы орайда инфрақұрылымдық және инжинирингтік жағдайлар жасау (тәжірибелік-конструкторлық бюросы мен инжинирингтік ұйымдар, коммерцияландыру офистері) өте қажет.

Кесте 5 – 1990- 2008 жылдарда ғылыми-техникалық жұмыстар көлемі (млн.тенге)

Көрсеткіштер	1990ж.	1995ж.	2000ж.	2008ж.	2008 ж 2000 жылға өсу/кему қарқыны (%)
Орындалған ғылыми-техникалық жұмыстар көлемі, барлығы	395,4	2983,1	6100,5	29591,3	485,1
соның ішінде:					
ғылыми-зерттеу жұмыстары	214,2	1739,7	3764,5	17174,4	456,2
соның ішінде					
іргелісі	40,2	396,1	809,6	3461,1	427,5
қолданбалы зерттеулер	174	1343,6	2954,9	13713,3	464,1
жобалық-құрастыру және техникалық жұмыстар	99,7	496,6	1205,9	8555,8	709,5
бұйымдардың (өнімдердің) тәжірибелі үлгілерін (жындарын) жасау	21,1	117,1	198,9	482,8	242,7
құрылысқа арналған жобалық жұмыстар	40,8	536,0	231,7	1237,9	534,2
ғылыми-техникалық қызмет көрсетулер	19,6	92,5	699,4	2140,1	306
Ескерту- автормен статистикалық мәліметтер негізінде құрастырылған					

2008 жылы 2000 жылмен салыстырғанда орындалған ғылыми техникалық жұмыстардың көлемі 23490,8-ге (485,1%-ға) артқан. Орындалған ғылыми-техникалық жұмыстардың құрылымында жобалық-құрастыру және техникалық жұмыстардың (709,5 %), құрылысқа арналған жобалық жұмыстардың (534,2 %) осы жылдардағы өсу қарқыны басқалармен салыстырғанда жоғары (кесте-5).

Инновациялық қызметті жандандыру үшін бірінші кезекте қолданбалы ғылыми зерттемелерді қаржыландыру әдісін және қолданбалы ҒЗТКӘ-ні қаржыландыру жүйесін өзгерту қажет.

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың нәтижесінде ұсақ және орта сериялы өндірістер негізінде нарықты тауар және қызметтермен толтыру, жергілікті шикізат ресурстары мен өндіріс қалдықтарын кеңінен пайдалану, қоғамның «орта сыныбын» қалыптастыру және халықты жұмыспен қамту мақсатында қосымша еңбек салаларын және жұмыс орындарын көбейту мәселелері тез арада шешімін табады. Әсіресе, жұмыссыздық деңгейі елеулі белең алған кезеңде кәсіпкерліктің қосымша еңбек салаларын және жұмыс орындарын көбейтуге ықпал етуі оның маңыздылығы мен артықшылығын елеулі дәрежеде арттырады. Инновациялық кәсіпкерлік қызметпен айналысатын құрылымдарда жоғары қарқынмен жұмыс орындарын құру және осының негізінде халықты мүмкіндігінше толық жұмыспен қамтамасыз ету елімізде және оның жекелеген аймақтарында жұмыссыздықтың салдарынан туындаған әлеуметтік шиеленістерді азайтады.

Кесте 6 - 2008 жылдың соңы мен 2009 жылдың бас кезеңі бойынша тіркелген шағын кәсіпкерлік субъектілері мен кәсіпкерлердің саны

Қазақстан республикасы және облыстары	Занды тұлғалар		Кәсіпкерлік және фермерлік		Жұмысшылар саны (мың адам)					
	2008 ж.	2009 ж.	2008ж.	2009ж.	Занды тұлғалар		Кәсіпкерлік және фермерлік		Барлығы	
Республика бойынша:	106453	109041	214528	222418	536,1	549,8	710,0	731,1	1246,1	1280,9
Оның ішінде:										
1. Ақмола бол.	1519	1524	7224	7266	76,6	7,7	22,1	22,1	29,7	29,8
2. Ақтөбе	5429	5448	12440	12695	29,9	30,5	22,2	22,4	52,1	52,9
3. Алматы	5043	5069	24630	27104	23,4	24,0	77,2	81,3	100,6	105,3
4. Атырау	2650	2631	8278	8330	11,5	11,5	14,7	14,8	26,2	26,3
5. Шығыс Қазақстан обл.	13061	13178	27223	27223	27,5	27,5	126,1	126,1	153,6	153,6
6. Жамбыл	2861	2863	14566	15051	14,1	14,3	54,3	55,6	68,4	69,9
7. Батыс Қазақстан обл.	3400	3450	6627	7220	20,1	20,3	40,5	42,1	60,6	62,4
8. Қарағанды	12799	12799	17606	17606	62,4	62,4	56,5	56,5	118,9	118,9
9. Қызылорда	1983	2028	5135	5158	20,1	20,1	28,2	28,2	48,3	48,3
10. Қостанай	2859	2833	16462	16799	22,8	23,0	43,9	44,2	66,7	67,2
11. Маңғыстау	3505	3354	2246	2312	16,6	16,7	3,4	3,5	20,0	20,2
12. Павлодар	6265	8554	10045	10623	16,2	21,4	21,5	22,1	37,7	43,5
13. Солтүстік Қазақстан обл.	5824	5907	11730	11578	30,4	30,4	33,9	34,8	64,3	65,2
14. Оңтүстік Қазақстан обл.	12701	12211	35955	38070	123,6	129,9	129,0	137,7	252,6	267,6
15. Алматы қ.	22574	23144	10787	11715	88,6	88,6	32,4	35,3	121,0	123,9
16. Астана қ.	3980	4048	3574	3668	21,3	21,5	4,2	4,4	25,5	25,9

Ескерту - автормен Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің мәліметтері бойынша жасалған

Қазақстанда елдегі қалыптасушы нарықтық экономикаға қажетті масштабтарда кәсіпкерлік қызмет еркіндігін және оның пайда болуы мен сәтті дамуын қамтамасыз ететін, шағын бизнестің берік құқықтық негізі құрылды. Осыған байланысты соңғы жылдары елімізде кәсіпкерлік қызметпен айналысатын субъектілер санының тұрақты өсіп келе жатқандығы байқалады.

Мұны 2008 жылдың соңы мен 2009 жылдың бас кезеңінде жеке кәсіпкерлер саны мен шағын кәсіпкерлік субъектілеріне (занды тұлғаларға) қатысты статистикалық мәліметтер куәландырады (кесте 6). 2008 жылмен салыстырғанда шағын кәсіпкерлік субъектілер саны 36,7%-ға өскен. Оның



ішінде, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Алматы облыстарында шағын кәсіпкерлік қарқынды дамып отыр. Тіркелген шағын кәсіпкерлік және фермерлік субъектілердің үлес салмағы аталған облыстар бойынша, сәйкесінше, 17,1%, 12,2%, 12,2% құрап отыр.

Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын құрылымдарда жоғары қарқынмен жұмыс орындарын құру және осының негізінде халықты мүмкіндігінше толық жұмыспен қамтамасыз ету елімізде және оның жекелеген аймақтарында жұмыссыздықтың салдарынан туындаған әлеуметтік шиеленістерді азайтады.

Ал 2009 жылдың бас кезінде экономиканың шағын бизнес секторында жұмыс істейтіндердің саны 1280,9 мың адамды құрды, оның ішінде жеке кәсіпкерлер саны 731,1 мың адамға жетті. Шағын бизнес субъектілерінің өнім (жұмыс, қызмет) өндіру көлемі мен түрі және салалар мен шаруашылықтар бойынша таралымына қарағанда олардың көбісі сауда (72,8%), өнеркәсіп (6,7%) және құрылыс (4,1%) салаларына шоғырланғандығы байқалады.

«Кентау трансформатор зауыты» отандық электромашинаны жасау профилі бойынша 50 жылдық тәжірибесі бар жалғыз кәсіпорын.

Зауыт 2006 жылдан бастап «БРК-Лизинг» АҚ мемлекеттік лизингтік компаниясының көмегімен, лизингке батыс елдерінің жоғары технологиялық құралдармен өндірісті қайтадан техникалық жабдықтады. 2006ж. «Кентау трансформатор зауыты» «БРК» лизинг арқылы 4518000 сомдағы техникалық құрал жабдықтар алды. Бұл бағыттағы негізгі серіктес Бельгия және Швейцария болып отыр, олардың үлес салмағы сәйкесінше 32%, 25,8% құрайды.

Зауыт бүгінгі таңда электротехникалық заттар өндіріп шығаратын ТМД елдерінің өндіріс алпауыттарымен таза бәсекелестік қабілетпен жұмыс жүргізіп отыр. Зауыт 6-10 КВ-тық трансформаторлардың 10 пайызын көрші Ресей, Түркіменстан, Әзірбайжан, Өзбекстан және Қырғызстан елдері тапсырыспен алады. Қазіргі уақытта сұраныс жоғары болғандықтан, құрғақ трансформатор шығаруда.

«Кентау трансформатор зауыты» АҚ ТМД электротехникалық нарығында көшбасшы зауыттардың бірі болып табылады. Зауыт номенклатурасына 300-ге жуық өнім түрі кіреді. Зауыт трансформатор құрылғыларымен мұнай-газ саласындағы кәсіпорындарды, құрылыс саласын, коммуналдық мекемелерді және теміржол мекемелерін жабдықтайды.

Зауыт 2008 аяғынан бастап үлкен кернеулік (35 кВА) қуаттылығы жоғары (1000-нан 25000 кВА - дейін) трансформатор шығара бастады. Бұл инновациялық жобаны іске асыруда цех шетел құрылғыларымен жабдықталған. Жобаны іске асыруда лизингтік құрал қолданылды.

Зауыттың 2008 жылы өндірілген өнім көлемі 5,3 млрд. теңгені құраса, ал 2008 жылы бұл көрсеткіш 6,8 млрд. теңгені құрады және табыс көлемі 20% өсті. Зауыттың 2007–2009 жылдары арасындағы экономикалық көрсеткіштерін 7-кестеден көруге болады.

Кесте 7- «Кентау трансформатор зауыты» АҚ-ның экономикалық көрсеткіштері

Көрсеткіш аты	өлшем бірлігі	2007г.	2008г.	2009 г. 6 ай
1.Өндірілген өнім көлемі	млн тт	5 382,5	6 898,4	3 564
Соның ішінде				
- қайтадан енгізілген немесе елеулі	%	-	15	35
- жетілдіруге ұшыраған өнімдер	%	-	-	4
2.Өткізілген өнімнің өзіндік құны	млн.тг	4548,2	5435,9	2754,9
3. Жалпы пайда	млн.тг	834,3	1462,7	809,0
4.Натуральды сан бойынша	т.кВа	1 874,6	2 027,6	915,44
5.Қызметкерлер саны	чел.	968	1 041	881
6.Орташа айлық жалақы	тенге	62 648	67 906	59 288
7.Негізгі қорлар құны	тыс.тг.	925 264	1 938	1 961 447
8.Қуаттылықты іске қосу	%	95	95	71
9Экспорт	млн.тг.	765	2 085	404
10 .Демеушілік көмек	мың.тг.	1 605	13 485	2 420
11.Негізгі қорлардың тозу коэффициенті	%	36,4	36,7	32,0
12.Негізгі қорларды жаңарту коэффициенті	%	36,3	36,6	58,0
13.Инвестициялар	млн.тг.	210	918,3	64, 323
14 Электрэнергияға қажеттілік	тыс.квтч.	9 885	10 496	4 509 600
15.Өндіріс рентабелділігі	%	15,5	21,2	22,7
Ескерту – «Кентау трансформатор зауыты» АҚ-ның 2007ж., 2008ж. жылдық есебі негізінде жасалған				

Техникалық қайта қаруландыру негізінде 2008 жылы өнім көлемі 28 % артып отыр, онымен қатар зауыт айналым қаражатына зәру болып отыр. Өйткені ғылыми сыйымдылықты және экспортқа арналған өнімдер үлкен шығын қажет етеді. Кәсіпорынның инновациялық өнімдерінің үлесі 2009ж 6 айында 35% жетіп отыр.

**Кәсіпкерліктің инновациялық түрлерін дамыту және жетілдірудің негізгі бағыттары.** Инновациялық кәсіпкерлікті жандандыруда венчурлық, концессиялық, лизингтік және франчайзингтік бизнестерді қалыптастыру және дамыту бойынша механизмдерді жетілдірудің негізгі бағыттары:

Қазақстанның алдында нарық субъектілерінің өзара тауарлар мен қызметтерді өндірудегі бәсекелестікті қолдап және дамыту міндетімен қатар елімізде ғылымисыйымды технологиялар саласындағы әлемдік бәсекелестіктің толыққанды қатысушыларына айналу үшін білім экономикасын дамытуға арналған іс-әрекеттерді жандандыру міндеті тұр.

Қазіргі күні Қазақстандағы инновациялық кіші кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін қалыптастыру мен дамытуға кедергі болатын факторлары келесідей:

– өз қаржыларының жетіспеушілігі негізінде инвестициялық қорлар арқылы несиелерге қол жеткізудің қиындығы;

– инновациялық кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін қажетті сәйкес инфрақұрылым-транспорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген өндірістік қойма орындарының жеткіліксіздігі;

– инновациялық кіші кәсіпкерлік субъектілерінің қолданыстағы заңдардағы өзгертулер туралы хабарсыздығы, әкімшілік кедергілер және кәсіпкерлік қызметпен айналысу кезінде билік органдарының нақты тәртіптерінің жоқтығы;

– инновациялық кіші кәсіпорындардағы жұмыскер мамандықтарының білікті мамандардың жеткіліксіздігі. Кіші кәсіпкерлік субъектілерінің өңдеуші өндірістерінің ірі және орта ұйымдарымен өзара әрекеттесу және кооперациялануын дамыту туралы мәселе ерекше зер салуды талап етілу қажеттілігі.

Сондықтан инновациялық кәсіпкерлік субъектілерінің дамуына қол жеткізу үшін мына мәселені шешу қажет:

- инновациялық кәсіпкерлік субъектілерін ақпараттық қолдау;
- инновациялық кәсіпкерлік субъектілерін заңнамалық қолдау
- инновациялық кәсіпкерлік субъектілері алдында тұрған әкімшілік кедергілерді азайту.

Бұл мақсатты орындау үшін мынадай шараларды қолдану болжамданады:

– инновациялық жеке кәсіпкерлікті қолдау орталықтарын, бизнес-инкубаторларын, технологиялық парктер, индустриалдық өңірлер және басқа да жеке кәсіпкерлікті дамыту объектілерін құру және дамыту;

– инновациялық жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету;

– инновациялық шаруашылық етуші субъектілердің реттеуші және қадағалаушы қызметтермен және жергілікті билік органдарымен өзара әрекеттесу әдістерін жетілдіру;

– тиімді бәсекеге қабілетті орта үшін жағдайлар жасау;

– инновациялық кәсіпкерлік климатты жақсартуға жәрдемдесу, өңір экономикасына салымдардың тартымдылығын мақсатты жоғарылату.

Ерекше назар инфрақұрылымдық инвестициялық жобалардың өзірленуіндегі өңірлік инвестициялық бағдарламаларға қарай бағытталуына бөлінеді. Әрбір облыс әкімшілігі ішкі және сыртқы инвесторлармен жұмысты, оларға қажетті және толық ақпарат бере отырып, бюрократтық кедергілердің жойылуына көмектесе отырып, үйлестіреді және тәртіптендіреді.

Қазақстандағы инновациялық кәсіпкерлік климатын жақсарту үшін:

• білікті кадрлар және жұмыс күшін дайындау жүйесін бекіту: кадрларды кәсіби біліктілігі тұрғысынан дайындау және қайта дайындау, кіші бизнес және өзін жұмыспен қамту саласында оқыту;

• инвестициялық үрдістерді басқаруды ұйымдастыруды жақсарту: басқару кадрларының кәсіби біліктілігін бекіту, қоғамдық бақылау үшін биліктің ашықтық дәрежесін көбейту, шенеуніктердің қызметінің реттелмеу деңгейін жоғарылату керек.

«Кентау трансформатор зауыты» АҚ басшылығы өнім сапасын арттыруға өндіріске жаңа технологияларды енгізумен тікелей байланысты екендігін нақты дәлелдеген.

Кесте 8 - Кентау трансформатор зауытының инновациялық өнім өндірудің пайдалылық деңгейіне әсер ететін көрсеткіштер

		Бірлік өлшем	2003ж.	2004ж.	2005ж.	2006ж.	2007ж.	2008ж.
y	Пайдалылық деңгейі	%	49,2	48,8	63,987	148,81	160,338	162,86
x <sub>1</sub>	Өнеркәсіптік цехтар мен өндірістің саны	дана	51	52	48	56	60	65
x <sub>2</sub>	Трансформатор өндіріс көлемі	млн. теңге	1020,5	1214,6	1816,5	3451,2	5300	6898,1
x <sub>3</sub>	Қосымша заттар өндіру	млн. теңге	112,6	133,1	199,6	379,6	583	758,1
x <sub>4</sub>	Негізгі қызметтің персонал саны	адам	380	414	465	691	968	1041
x <sub>5</sub>	Негізгі қызметтегі персоналдың орта айлық жалақысы	мың теңге	26,7	29,626	40,478	50,022	62,648	67,906
x <sub>6</sub>	Зауыттың негізгі капиталға инвестициялары	млн. теңге	183	67	165	298	280	1246

Ескерту – «Кентау трансформатор зауыты» АҚ-ның 2007ж., 2008ж. жылдық есебі негізінде жасалған

Кентау трансформатор зауытының инновациялық өнім өндірудің пайдалылық көрсеткіштерінің болашақтағы деңгейін болжауда корреляциялық-регрессиялық әдістер қолданылды.

Корреляциялық-регрессиялық талдау жүргізу үшін EXCEL жүйесінде математикалық модель құрылды. Мұнда сызықтық формадағы көп факторлы

$$y_x = b_0 + b_1x_1 + b_2x_2 + b_3x_3 + b_4x_4 + b_5x_5 + b_6x_6$$

корреляция теңдеуінен пайдаланылады

Біздің жағдайда сызықтық функциясын қолдану нәтижесінде мына

$$y_x = -129,33 + 4,33 \cdot x_1 + 3,74 \cdot x_2 - 34,2 \cdot x_3 - 0,047 \cdot x_4 - 3,44 \cdot x_5 + 8,65 \cdot x_6 \quad (1)$$

теңдеуге не боламыз.

Демек,

$$b_0 = -129,33; \quad b_1 = 4,33; \quad b_2 = 3,74; \quad b_3 = -34,2; \quad b_4 = -0,047; \quad b_5 = -3,44; \quad b_6 = 8,65$$

Осы құрылған математикалық модель бойынша Кентау трансформатор зауытының инновациялық өнім өндірудің рентабельдік дәрежесін анықтау

мақсатында соңғы 2003-2008 жж. статистикалық мәліметтері нәтижесінде факторлардың әсері қарастырылып, оның статистикалық – математикалық үлгісі компьютерде есептеп шығарылды.

Бұл есептеулерде детерминация коэффициенті және және өңделген детерминация коэффициенттері мына

$$R = 1 - (1 - R^2) * \frac{n-1}{n-m-1} = 0.74$$


$$R^2 = \sqrt{1 - \frac{\sum_{i=1}^n (y_i - y_x)^2}{\sum_{i=1}^n (y_i - y_{\varphi})^2}} = 0.86$$

мәндерді қабылдайды. Детерминация коэффициенті 0,86, яғни бұл есепке алынған факторлардың өзара әсері жоғары екендігін және олардың арасындағы байланыстың тығыз екендігін көрсетеді.

Осы модельдеуден пайдаланып зауыттың 2009, 2010, 2011 жылдарға пайдалылық деңгейінің өсуі немесе кемеуіне болжам жасауға болады

Есептеу нәтижесі  $Q_1 = 197,84$ ,  $Q_2 = 224,07$ ,  $Q_3 = 241,2\%$

Осы  $x_1$ ,  $x_2$ , және  $x_6$  факторларының рентабельдікке әсерін мына төмендегі трендтен көруге болады



Сурет 2 – Кентау трансформатор зауытының инновациялық өнім өндірудің пайдалылық деңгейіне болжам

Мұндағы  $x_1$ -факторымен (өнеркәсіптік цехтар мен өндірістің саны) рентабельдік арасындағы корреляция мәні  $R^2 = 0,93$ ,  $x_2$ -факторымен (өндіріс көлемі) рентабельдік арасындағы корреляция мәні  $R^2 = 0,91$ , ал  $x_6$ -факторымен (инвестиция) рентабельдік арасындағы корреляция  $R^2 = 0,97$  сандық мәндерге ие болады.

Демек, бұл математикалық модельдеуде өнеркәсіптік цехтар мен өндірістің саны, өндіріс көлемі және инвестиция сияқты факторларымен рентабельдік арасында байланыс тығыз екендігі байқалады.

Құбылмалы зерттелген алты фактордың өнеркәсіп өнімінің пайдалылық деңгейіне (рентабельделігіне) әсерлерінің математикалық байланыстылық заңдылық көрінісінен өнеркәсіптік цехтар мен өндірістің саны ( $x_1$ ), трансформатордың өндіріс көлемі ( $x_2$ ), қосымша заттар өндіру ( $x_3$ ), негізгі қызметтің персонал саны ( $x_4$ ), негізгі қызметтегі персоналдың орта айлық жалақысы ( $x_5$ ), зауыттың негізгі капиталға инвестициялары ( $x_6$ ) факторлары рентабельділік дәрежесіне оң әсерін тигізетін болса, қосымша заттар өндіру ( $x_3$ ), негізгі қызметтің персонал саны ( $x_4$ ), негізгі қызметтегі персоналдың орта айлық жалақысы ( $x_5$ ) факторларының кері әсер етуі байқалады.

## Қорытынды

Жүргізілген зерттеу бізге төмендегі қорытындылар мен ұсыныстарды жасауға

мүмкіндік берді:

1. Теориялық зерттеулер негізінде кәсіпкерліктің инновациялық түрлерін жетілдірудің негізгі белгілері ретінде инновациялық қызмет келесілерді қамтитындығы анықталды:

- инновациялық кәсіпкерлік қызмет – инновациялық үрдістерді ғана емес, тауарларды өткізу нарықтарын маркетингтік зерттеу, сонымен қатар ақпараттық, консалтингтік, әлеуметтік және басқа қызметтерге деген жаңа тұрғыларды зерттеуді енгізетін техникалық, технологиялық және ұйымдық жаңалықтарды құрастыру мен тәжірибелік меңгеру сферасы.

- инновациялық кәсіпкерлік қызмет – тәжірибе жүзінде қолданыла алатын ғылыми-техникалық идеяларды, ойлап табуларды құру және олардан нәтиже алу бойынша қызмет.

- инновациялық кәсіпкерлік қызметті басқару мақсаты жаңа идеяларды бақылау, генерациялау, нарыққа инновациялық өнімді шығару үшін жағдайлар құру.

- инновациялық кәсіпкерлік қызметтің басты функциясы болып өзгеру функциясы табылады. Теориялық талдау көрсеткендей келесідей типтік өзгерістерді бөледі:

- жаңа техниканы, технологиялық үрдістерді қолдану,

- жаңа қасиеттермен өнім өндіру,

- жаңа шикізатты қолдану,

- өндіріс пен материалды-техникалық қамсыздандыруды ұйымдастырудағы өзгерістер,

- жаңа өткізу нарықтарының пайда болуы.

2. Индустриялық-инновациялық қызметті нақты шаралармен толықтыру мақсатында және оны жүзеге асырудың ұйымдық-экономикалық жетістіктерін қалыптастыруға қажетті негізгі шарттар мен қағидаларды қамтитын, индустрияны

қарқынды түрде дамуын қамтамасыз ететін тұжырымдама әзірленді. Осы тұжырымдама индустрия саласының бірінші кезектегі мақсаттары, отандық өндірушілерді мемлекеттік қолдау және дамыту бағыттары, әрі олардың мүдделерін қорғайтын заңдық нормативтерге жүгіну механизмдерін жақсарту шаралары қамтылады. Индустриялық өндірісті дамыту мәселелерін тұжырымдамалық тұрғыдан шешу үрдісі өндірістік салада, әсіресе, индустрияда аймақтық кәсіпкерлікті қалыптастыру мен жетілдіру бағдарламаларын жасау және оның жегілікті шарттарда тиімді қолданылу аясы мен тәсілдерін негіздеу үшін аса қажетті әрі онтайлы болып табылады және төмендегі негізгі басымдық мақсаттардан құралады:

- егеменді елдің экономикасын нығайту;
- нарықтық жағдайларда халық шаруашылығы кешеніндегі дағдарыстық құбылыстарды толығымен жою;
- индустрия өндірісін тұрақтандыру;
- индустрия салаларының түбегейлі құрылымдық қайта құрылуын жүзеге асыру, импортты алмастырушы технологияларды дамыту, өндірістік-экономикалық әлеуетті ұлғайту;
- индустрия жүйесінде өзін-өзі дамытушы шаруашылық-экономикалық құрылымдарды құру;
- Республикадағы индустриялық өндірісті достастық елдерінің экономикасына және әлемдік экономикаға тиімді интеграциялау;
- индустрия кешендерін, салаларын, аймақтарды және бүкіл республиканы тездетілген әлеуметтік-экономикалық жағынан дамыту;
- базалық индустрия салаларына айқын дағдарыстың, құбылыстардың алдын алу іс-шараларын дайындау;
- елдегі индустрияның мәжбүрлі автономды функциялық тұжырымдамасын дайындай және оны жүзеге асыру;
- индустрияның жұмыстарын тұрақтандыру бағдарламасын дайындау және оны жүзеге асыру;
- нарықтық экономика шартында индустрияны қарқынды дамыту үшін әлеуетті жинау бағдарламасын дайындау және оны жүзеге асыру;
- индустрияны жедел және интенсивті дамыту бағдарламасын дайындау және оны жүзеге асыру.

3. Кәсіпкерліктің инновациялық түрлерін жетілдіруде венчурлық, концессиялық, лизингтік және франчайзингтік негіздегі нарықтық механизмдерді қолдану тетіктері жалпы инновациялық кәсіпкерліктің қарқынды дамуына қозғаушы күш ретінде әсер етеді. Сондықтан кәсіпкерлікті өркендетудің бұл түрлері кеңінен ұлттық инновациялық жүйені дамыту барысында қолданған жөн.

4. Инновациялық кәсіпкерлікті дамыту көптеген шығындарға алып келуі мүмкін. Өйткені инновация ол әрқашанда жаңа бастама, жаңа идея. Одан қандай нәтиже болатынын болжауға болады. Бірақ нақты тәжірибеде тәуекелді әртараптандыру қажет. Диссертацияда кәсіпкерліктің инновациялық түрлерін қаржыландыру және қорландыруда мемлекеттік және жеке қаржылық мүмкіндіктерді бірлікте қолдану арқылы инновациялық тәуекелділік деңгейін төмендету тетіктері тиімділігін көрсетті.

5. Қазақстанның алдыңғы қатарлы бәсеке қабілетті 50 ел қатарына ену мақсатын жүзеге асыру барысында индустриалдық-инновациялық қызметтегі келесі бағыттарды кеңінен дамыту негізгі мәнге ие болуы қажет:

- ғылыми-технологиялық әлеуетті жоғары ғылыми-технологиялық және өнеркәсіптік ұйымдар желісі бар қалаларда ғылымдық және инновациялық инфрақұрылымның (технологиялық парктар, ұлттық ғылыми орталықтар, ғылыми-технологиялық аймақтар және т.б.) қазіргі заманғы элементтерінің қызметін құру және қолдау көрсету;

- экономиканың стратегиялық маңызы бар алдыңғы қатарлы салаларын дамытуда өзімізде бар ғылыми-техникалық әлеуетті қолдану;

- бүгінгі таңда Қазақстанда бірқатар бағыттар бойынша отандық зерттеулер негізінде ғылыми-сыйымды өндірісті дамытуға мүмкіндік беретін ғылыми база бар, оның ішінде, жаңа материалдар, химиялық өнімдер, заман талабына сай жаңа өнімдер шығару және т.б.

6. Венчурлық бизнестің Қазақстанда кеңінен дамуы үшін келесі шараларды қолдану қажет: отандық және інетелдік инвесторлармен бірлесіп, венчурлық қорларды құру, инновациялық жобаларды венчурлық қаржыландырудың тетіктері мен инфрақұрылымын қалыптастыруға қатысу; гранттар беру жолымен экономиканың коммерциялық тиімділігі мен технологиялық даму көзқарасы тұрғысынан әлеуетті перспективалы болып табылатын жаңа технологияларды, тауарларды, жұмыстарды, қызметтер көрсетуді құруға бағытталған қолданбалы ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру; инвестицияланатын компаниялардың жарғылық капиталына үлестік бақылаусыз қатысу жолымен инновацияларды енгізуді қаржыландыру; ұлттық инновациялық инфрақұрылым (технополистер, технопарктер, бизнес-инкубаторлар, инновациялық орталықтар) элементтерін құруға қатысу; ғылыми-техникалық өнім рыногын қалыптастыруға қатысу.

7. Зерттеулер негізінде концессиялық қатынастарды реттеу, шарттарын жасасудың үлгілері, оны орындаудың және тоқтатудың талаптары мен тәртібі айқындалды, концессионерлерді мемлекеттік қолдау кепілдіктері мен шараларын жүзеге асыру жолдары көрсетілді. Біздің зерттеулеріміз көрсеткендей, болашақта концессия аумағындағы заңдылықты дамыту және жетілдіру керек. Сонымен қатар, концессиялық бизнесті ынталандыру үшін мемлекет тарапынан келесідей шаралар қолдану керек:

- концессиялық жобаларды іске асыруда капитал сыйымдылығының өте жоғары болуы «ұзын» ақшаларды қажет етеді. Сол себептен зейнетақы және сақтандыру қорларының қаражаттарын осы бағытта инвестициялау орынды;

- отандық инвесторларға ұзақ мерзімді капитал салымдарын салу барысында салық, кеден және басқа да жеңілдіктерді алу құқығы және концессиялық кәсіпорын мен инфрақұрылымды, кадрларды даярлауды, халық тұтынатын тауарлар өндірісі мен қызмет ұсынуды, қайырымдылық қызметін дамыту мақсатында пайданы реинвестициялау құқығын беру;

- концессиялық кәсіпорынның шығындарын табысты кәсіпорынның есебінен орын толтыратын консорциумды құру құқығын беру.



8. Инновациялық кәсіпкерлік қызметін дамытудың негізгі тетіктерінің бірі франчайзинг жүйесін одан ары дамытуға мемлекет тарапынан келесі шараларды қолдану қажет:

- франчайзинг секторына мемлекеттік жеңілдіктер қарастыру;
- Қазақстан аумағында санаткерлік меншіктің қорғалуын толық қамтамасыз

ету;

- инновациялық қызмет түрлерінің ерекшеліктерімен таныстыру шараларын қабылдау, яғни жеткілікті ақпараттармен қамтамасыз ету.

9. ҚР-дағы инновациялық кәсіпкерлік климаты әлі де жеткілікті деңгейде қолайлы болып тұрған жоқ. Қазақстандағы инновациялық кәсіпкерлік климатын жақсарту үшін:


- білікті кадрлар және жұмыс күшін дайындау жүйесін бекіту: кадрларды кәсіби біліктілігі тұрғысынан дайындау және қайта дайындау, кіші бизнес және өзін жұмыспен қамту саласында оқыту;

- инвестициялық үрдістерді басқаруды ұйымдастыруды жақсарту: басқару кадрларының кәсіби біліктілігін бекіту, қоғамдық бақылау үшін биліктің ашықтық дәрежесін көбейту, шенеуніктердің қызметінің реттемелеу деңгейін жоғарылату керек.

10. Кентау трансформатор зауытының инновациялық өнім өндірудің пайдалылық деңгейіне әсер ететін көрсеткіштерін талданып болжам нәтижесінде, құбылмалық зерттелген жеті фактордың өнеркәсіп өнімінің рентабельділігіне әсерлерінің математикалық байланыстылық заңдылық көрінісінен өнеркәсіптік цехтар мен өндірістің саны ( $x_1$ ), трансформатордың өндіріс көлемі ( $x_2$ ), зауыттың негізгі капиталға инвестициялары ( $x_6$ ) факторлары рентабельділік дәрежесіне оң әсерін тигізетін болса, қосымша заттар өндіру ( $x_3$ ), негізгі қызметтің персонал саны ( $x_4$ ), негізгі қызметтегі персоналдың орта айлық жалақысы ( $x_5$ ) факторларының кері әсер етуі байқалады.

## Диссертация тақырыбы бойынша жарияланған еңбектер тізімі

1. Инновациялық қызметті ұйымдастырудағы басымдықты бағыт ретінде инновациялық ортаны жетілдіру // «Орталық Азия одағының ұлттық экономика жүйесінің мүмкіншіліктері мен интеграциялық болашағы» халықаралық ғылыми практикалық конференция материалдары, Түркістан қ, 27-29 сәуір 2005, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ
2. Индустрия өндірісін қайта құрудың инновациялық құрылымдық негіздері // «Орталық Азия елдерінің мемлекетаралық интеграциялық байланыстарын жаңарту» атты Орта Азия елдерінің II Түркістан интеграциялық форумы. 29—30 сәуір 2006. Түркістан қ. ХҚТУ, 207-209б.
3. Лизинг және лизингтік операциялар түрлері «Әуезов оқулары:-7: М.Әуезов және қазақтанудың өзекті мәселелері » атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция еңбектері – М.Әуезов атындағы ОҚМУ 2008 ж, Том 7. 123-126 б.
4. Экономикалық дағдарыс және оны шешу жолдары // Хабаршы. Т.Рысқұлов атындағы ҚазЭУ, №6(70) – Алматы, 2008. 8-11 б.
5. Индустрия өндірісін интенсивті дамытудың инновациялық тетіктері // «Ізденіс –Поиск» №4-Алматы, 2008ж. 5-9 б.
6. Ғылыми-техникалық әлеуеттің қазіргі жағдайы және оның даму тенденциясы // «Ізденістер, нәтижелер – Исследования, результаты», Қазақ Ұлттық Аграрлық Университеті, Алматы 2008ж, №4 185-189 б.
7. Ғылымның даму нәтижелері және стратегиялық басымдықтары // «Ізденістер, нәтижелер – Исследования, результаты», Қазақ Ұлттық Аграрлық Университеті, Алматы 2008ж, №4 189-194 б.
8. Қазақстанда франчайзингті қалыптастыру және дамыту мүмкіншіліктері // Хабаршы Қ.Ясауи атындағы ХҚТУ, №3 (63)-Түркістан, 2008ж.
9. Концессиялық бизнестің қажеттілігі және оны пайдаланудың негізгі шарты // Хабаршы Қ.Ясауи атындағы ХҚТУ, №3 (63)-Түркістан, 2008ж.
10. Венчурлық капитал – ҚР-да инновациялық қызметтің қалыптасу және дамуының негізгі факторы // «Аймақтық экономиканы индустриалды – инновациялық дамыту мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары-Академиялық инновациялық университеті, Шымкент, 2009ж.
11. Кәсіпкерліктің ресурспен қамтамсыз студия инновациялық әдістері // Хабаршы. Т.Рысқұлов атындағы ҚазЭУ, №6 – Алматы, 2009.
12. Бизнес-инкубаторлар және технопарктер индустриалды инновациялық қызметтің негізінде кәсіпкерлікті қолдаушы инфрақұрылымдық ұйымдар // Хабаршы Қ.Ясауи атындағы ХҚТУ, №3 -Түркістан, 2009ж- шілде тамыз
13. Ұлттық инновациялық жүйені дамытудың ерекшеліктері // Хабаршы Қ.Ясауи атындағы ХҚТУ, №3 -Түркістан, 2009ж- шілде тамыз



## РЕЗЮМЕ

Кулбаева Меруерт Амангелдыевна

**Тема: Рыночный механизм совершенствования инновационных видов предпринимательства Республики Казахстан.**

### **08.00.05-Экономика и управление народным хозяйством (по отраслям и сферам деятельности)**

Предметом исследования является рассмотрение тенденций развития предпринимательства в РК, механизмов и форм его финансирования.

Объектом исследования является финансовые рычаги инновационного предпринимательства и возможности венчурных, лизинговых и франчайзинговых компаний.

Цель исследования. Основная цель диссертационной работы обобщение научно-методологических основ эффективности деятельности и развития рыночных механизмов совершенствования инновационных видов предпринимательства в РК.

Методологическую и теоретическую основу работы составляют Послания народу Президента РК и другие нормативные документы, Стратегия и Послания Парламента и, Кабинета Министров РК.

Научная новизна исследования . В результате выполненных исследований получены результаты, определяющие научную новизну и личный вклад в решении проблем, связанных с развитием и совершенствованием инновационных форм и видов предпринимательства:

-рассмотрены научные основы формирования и развития инновационных видов предпринимательства, изучены предпосылки развития инновационного предпринимательства в кризисных условиях.

-определены тенденции развития инновационного предпринимательства в РК в современных условиях, дана оценка направлениям и возможностям его развития

-проанализированы возможности развития в РК инновационных видов предпринимательства на основе венчурного, концессионного, лизингового и франчайзингового видов рыночных механизмов

-предложены системы оценки снижения уровня инновационного риска посредством формирования применения государственных и частных финансовых возможностей в финансировании и фондировании инновационных видов предпринимательства в целях реализации индустриально-инновационной стратегии

-обоснована роль государства в формировании важной инфраструктуры для совершенствования инновационных видов предпринимательства

## **Положения диссертации, вынесенные на защиту:**

- разработаны механизмы использования рыночных механизмов при совершенствовании инновационных видов предпринимательства посредством венчурного, концессионного, лизингового и франчайзингового основ

- предложены системы оценки снижения уровня инновационного риска посредством формирования применения государственных и частных финансовых возможностей в финансировании и фондировании инновационных видов предпринимательства в целях реализации индустриально-инновационной стратегии

-определена тенденция развития и сделан анализ инновационного предпринимательства в современных условиях

-предложены статистико-математические методы оценки результатов в целях определения направлений индустриального развития и параметров предприятий, оказывающих услуги реальному сектору экономики посредством инновационных направлений предпринимательства.

**Практическая значимость диссертационного исследования** состоит в том, что проведенное исследование дает возможность выявить особенности совершенствования инновационных видов предпринимательства Республики Казахстан. Результаты проведенного научного исследования могут быть применены на предприятиях посредством внедрения инновационных возможностей и их практического использования.

**Апробация и внедрение результатов исследования.** Основные положения и выводы диссертационного исследования докладывались на международных, и межвузовских научно-теоретических и научно-практических конференциях. Отдельные теоретические материалы научного исследования использованы в учебном процессе Международного казахско-турецкого университета им. Х.А. Ясави. Практические и методические рекомендации, разработанные автором были апробированы и внедрены в работе АО «Кентауский трансформаторный завод» и ТОО «Гуркестанский региональный инновационный центр».

## RESUME

**Kulbaeva Meruert Amangeldieva**

### **Mechanisms of development of innovative market-based entrepreneurship of the Republic of Kazakhstan**

08.00.05-Economics and management of national economy

**The subject of research** is to examine trends in the development of entrepreneurship in Kazakhstan, mechanisms and forms of financing.

**The object of research.** The main points of financing innovation activities of Republic of Kazakhstan are opportunity of leasing, franchising and venture companies.

**The aim of the research work.** The main objective of the thesis-synthesis of scientific and methodological bases of performance and development of market mechanisms to improve the innovation of entrepreneurship in Kazakhstan.

**Methodological and theoretically form the basis of the nation** address by President Nursultan Nazarbaev and other regulatory instruments, policies and communications of Parliament and the Cabinet of Ministers of the Republic of Kazakhstan.

#### **Scientific novelty of the thesis work:**

a result of the research results obtained by determining the scientific novelty and personal contribution to solving the problems associated with the development and improvement of innovative forms and types of businesses:

- are reviewed scientific basis for the formation and development of innovative forms, studied the prerequisites of development of innovative entrepreneurship in crisis conditions.
- identify trends of development of innovative entrepreneurship in the Republic of Kazakhstan in present conditions, assess trends and opportunities of its development
- analyzed the possibility of development in Kazakhstan innovative forms of entrepreneurship through venture capital, kotsenssionnogo, leasing and franchising of market mechanisms
- proposed assessment system reduce the risk of innovation through the creation of public and private financing opportunities in the financing and funding of innovative forms of entrepreneurship in order to implement industrial and innovation strategy
- justified the states role in the formation of critical infrastructure to improve the innovation of entrepreneurship

#### **The main points carried up for presentation:**

- developed mechanisms for the use of market mechanisms for improving the innovation of business through the venture, kotsenssionnogo, leasing and franchising framework
- proposed assessment system reduce the risk of innovation through the creation of public and private financing opportunities in the financing and funding of innovative forms of entrepreneurship in order to implement industrial and innovation strategy
- defined trends Set development and analysis of innovative entrepreneurship in modern conditions
- proposed statistical-mathematical methods of evaluation to determine the areas of industrial development and the parameters of enterprises that provide services to the real

economy through innovative spectrum, the direction of entrepreneurship

**The theoretical and practical significance of the research.** Studies will help determine the specific improvement of innovative entrepreneurship RK. Results obtained from the study can be used in a working way of introducing the practice of entrepreneurship in innovation capabilities.

**Approbation and realization of the research findings.** Dissertation materials used in «Transformer factory in Kentau», in teaching faculties International Kazakh Turkish University named after H.A Yasai. The main problems, solutions and proposals discussed in the dissertation on the phenomenon found in the articles of the author.

**Кулбаева Меруерт Амангелдыевна**

**«Қазақстан Республикасында кәсіпкерліктің инновациялық түрлерін  
жетілдірудің нарықтық механизмдері»**

**08.00.05-Экономика және халық шаруашылығын басқару  
(салалар мен қызмет сфералары бойынша)**

**Экономика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған  
диссертацияның  
Авторефераты**

**Басуға 23.11.2009ж. қол қойылды.  
Пішімі 60х94 1/16. Офсеттік қағаз.  
Офсеттік басылым. Көлемі 1,6 б.т  
Таралымы 100 дана. Тапсырыс № 649**

**Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
161200, Түркістан қ. Университет қалашығы**